## Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 1184 Жарлығын іске асыру бойынша жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 7 карашадағы N 270-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Әскери және арнаулы атақтар беру, әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығы мәселелері" туралы 2003 жылғы 10 қыркүйектегі N 1184 Жарлығын іске асыру мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Павлов Александр Сергеевич - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, жетекші

Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Әкімбеков Назымбек Қыздарбекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімінің меңгерушісі, жетекшінің орынбасары

Мамытов Нұрғалый Қиябайұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімі құқық қорғау органдары секторының меңгерушісі, хатшы

Әбдіқалықова Гүлшара Наушақызы - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Айтжанов Дулат Нулиұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі

Әкімов Әбдуманап Абдуллаұлы - Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы қолбасшысының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

Ақчанов Болат Қасымұлы - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары

Атықанов Алик Атыманұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі төрағасының орынбасары

Байдәулетов Нұржан Тәліпұлы - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі

Бижанов Нұрахмед Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары

Борисов Владимир Михайлович - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Сот әкімшілігі жөніндегі комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Дауылбаев Асхат Қайзуллаұлы - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары (келісім бойынша)

Исақұлов Ержан Бекбауұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Күреңбеков Амантай Жанкеұлы - Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі бастығының орынбасары (келісім бойынша)

Меркель Иоган Давидович - Қазақстан Республикасының Әділет бірінші вице-министрі

Ойнаров Азамат Рысқұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Поспелов Николай Николаевич - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары

Өмірзақов Берік Нұрпейісұлы - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Федотов Виктор Данилович - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Мемлекеттік-құқықтық бөлімінің мемлекеттік инспекторы (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2003 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде:

1) әскери және арнаулы атақтар беру әскери қызметшілердің және өзге де мемлекеттік органдар қызметкерлерінің нысанды киім киіп жүру құқығын реттеу мәселелері бойынша заңнамалық кесімдердің жобаларын дайындау және белгіленген тәртіппен енгізу жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын;

2) Жарлық қолданылатын әскери қызметшілерді және мемлекеттік органдардың қызметкерлерін бұдан әрі қаржылық және материалдық қамтамасыз етуді көздейтін

іс-шараларды әзірлесін;

3) жұмыс тобына белгіленген тәртіппен жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың мамандарын тарту, сондай-ақ қажетті ақпаратты сұрату құқығы берілсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК